

## Топтастырылған су құбырларынан ауыз суды пайдалану ережелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасарымен, Қазақстан Республикасының Су ресурстары комитетінің төрағасының орынбасарымен бекітілген 1996 жылғы 7 шілде N 198. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 10 қыркүйекте N 198 тіркелді. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

## **Топтастырылған су құбырларынан ауыз суды пайдалану ережелері**

### **I. Жалпы ережелер**

1.1. Осы ережелер Қазақстан Республикасының су ресурстар жөніндегі комитетінің құрамына кіретін топтастырылған су құбырларын пайдалану басқармалары мен ауыл шаруашылығына арналған топтастырылған су құбырларынан ауыз су алатын су тұтынушыларының ("негізгі пайдаланушылар") өзара қатынастары, құқықтары мен міндеттерін белгілейді.

"Негізгі пайдаланушыға" (бұдан былай "Пайдаланушы" деп аталады) осы елді мекенде тұрып, жалпы пайдаланатын ауыз су мөлшерінің 50%-нан астам бөлегін пайдаланатын заңды құқығы бар мекемелер жатады.

1.2. Егер, поселке ішіндегі су жеткізу жүйесі топтастырылған су құбырларына қосылған болса және су құбырларын пайдалану басқармасының құрамына (балансына) берілген болса, онда осы басқармалар су беру жүйелерін техникалық жағынан пайдалануды басқарып, бұл жүйелердің санитарлық және гигиеналық жағдайын бақылап отырады.

Елді мекеннің ішінде орналасқан су жеткізу жүйелері мен әрбір жеке ғимарат пен құрылыс үйлерінің (мектептер, бала бақшалары, ауруханалар, мал өсіретін комплекстер, фермалар) ішкі су беру жүйелерінің су айыратын шекарасы болып бұларға жақын орналасқан су құбырлары, құдықтары (сонда орналасқан су ысырғыш тұтқалары) және жеке аулалар мен жеке үйлерге кіретін қосылымдар жатады (СНИП 2.04-01-85).

1.3. Елді мекендерде өз қарамағында (балансында) ішкі су жеткізу жүйелері бар "Пайдаланушылар" осы су жеткізу жүйелерін пайдалануды техникалық жағынан өз күшімен басқарып, олардың санитарлық және гигиеналық жағдайларын өздері бақылап отырады немесе бұл жұмыстарды істеуді арнаулы ұйымдарға келісім-шарт бойынша тапсырады. Топтастырылған су құбырлары

мен елді мекендер ішіндегі су жеткізу жүйелерінің шекарасына су құбырларының торабы алдында орналасқан бақылау құдығы және оның ысырма тұтқасы жатады.

1.4. Су құбырлары басқармасының міндеттері барлық "Пайдаланушыларды" ГОСТ-2874-82 "Ауыз су" талаптарына сәйкес келетін сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету оны келісім-шартта көрсетілген мөлшерде және су беру кестесі (график) бойынша жеткізіп отыру;

- су көздерін (өзендер, су қоймалары, жерасты сулары) алынатын су мөлшерін күнделікті есепке алып отыру, су көздеріндегі және өз қарамағындағы топтастырылған су құбырлары мен елді мекендер ішіндегі су жеткізу жүйелеріндегі сулардың сапасы лабораториялық-өндірістік негізінде күнделікті тексеріп отыру;

- су көздері деңгейіндегі және су сапасындағы өзгерістер туралы жергілікті әкімшілікке, суды пайдалану және оны қорғау ұйымдарында және жергілікті санитарлық-эпидемиологиялық қызмет ұйымдарына уақтылы ақпарат беріп отыру;

- топтастырылған су құбырларына бос не артық су көлемі болған күнде оған жобада көрсетілмеген, бірақ "Пайдаланушыларға" керекті қосымша су құбырларын қоса алады және ол үшін жобаны жасаған жобалау институтының және басқа да ұйымдардың келісімдерін және рұқсаттарын керек етпейді;

- жергілікті санитарлық және эпидемиологиялық қызмет орындарының рұқсаты мен поселке ішіндегі су жеткізу жүйелері жоқ "Пайдаланушыларға" сутаратқыш тіктұрақ арқылы су бере алады. Бірақ, бұл тіктұрақ Су құбырлары басқармасының берген техникалық шарттарына сәйкес тұрғызылуы керек;

- күзгі суық түсе бастағанда қыс ішінде жұмыс істеуге бейімделмеген уақытша пайдалану үшін салынған сутаратқыш тіктұрақтар мен мал суаттарын су құбырлары жүйесінен уақытында шығарып тастау.

1.5. Су құбырларының қуаттылығы жобада белгіленген межеге жеткен кезде, су көздерінде ауыз су көлемі азайса немесе су құбырларының қуаттылығы кеми бастаса Су құбырлары басқармасы мына шараларды іске асыруға құқылы:

- өндірістік-техникалық қажеттерге ауыз суын беруді тоқтатуды немесе беру мөлшерін азайтады. Бірақ, су жіберуді тоқтату немесе оның мөлшерін азайту туралы өз шешімін "Пайдаланушыға" кемінде бір ай бұрын хабарлайды;

- жергілікті әкімшіліктермен келісе отырып су құбырларының нақтылы қуаттылығы бойынша барлық "Пайдаланушыларға" ауыз су жіберу мөлшерін қайта бекітеді, бірақ ең алдымен ауыз су тұрғын елдер мен мал шаруашылығының мұқтаждығын қанағаттандыру үшін беріледі.

1.6. Екі жақтың да осы ережелерді бұзуы немесе орындамауы сияқты

мәселелер белгіленген тәртіптер мен келісім-шарт бойынша және аудандық әкімшіліктердің төрешілігімен шешіледі.

## **II. Ауыз суды жіберу шарттары, су жеткізу және оны пайдалану үшін келісімдерді дайындау**

2.1. Ауыз суды су құбырынан жіберу және суды пайдалану Су құбырлары басқармасы мен "Пайдаланушы" арасындағы келісім-шарт негізінде жүргізіледі. Келісім-шартқа екі жақтың сенім берілген адамдардың қолдары қойылып, м ө р л е р і б а с ы л а д ы .

Ауыз суды жеткізу және оны пайдалану келісім-шартының үлгісі N 1 қ о с ы м ш а д а к е л т і р і л і п о т ы р .

2.2. Ауыз суды жеткізу және оны пайдалану туралы келісім-шартты жасау үшін "Пайдаланушы" су пайдаланушылардың санын және оның құрамын көрсеткен анықтаманы және керекті ауыз су көлемінің есебін әкеліп тапсыруы к е р е к .

2.3. Келісім-шартта берілетін және пайдаланатын ауыз су көлемі дәлелді есептеу арқылы көрсетіледі, ол сол "Пайдаланушы" үшін жобада көрсетілген көлеммен және су құбыры басқармасының белгіленген шектеуінен аспауы тиіс және бұл жергілікті әкімшілікпен келісілуі керек.

2.4. Келісім-шарт жасалғаннан кейін Су құбырлары басқармасы барлық су берілетін нүктелерге суды реттегіш құрылымдар орнатады, олар келісім шартта көрсетілген ортатәуліктік ауыз су көлемін жіберіп отыруға есептеледі.

2.5. Су беруге және пайдалануға жасалған келісім-шарттың уақытының бітуіне екі ай қалғанда "Пайдаланушы" Су құбырлары басқармасына өзінің келесі жылға алатын ауыз су көлемінің есебін тапсырады және онда су пайдаланушылардың құрамы мен санындағы өзгерістер болса көрсетілуі керек, ал Су құбырлары басқармасы 15 күн мерзімде берілген есептерді қарап, өзінің шешімін "Пайдаланушыға" жеткізеді.

2.6. Егер келісім-шарттың уақыты бітпей ауыз су пайдаланушылардың құрамы мен санында өзгерістер болса, онда "Пайдаланушы" Су құбырлары басқармасына келісім-шартқа өзгеріс енгізуге ұсыныс жасайды. Бұл үшін ол жаңадан ауыз су тұтыну көлемінің есебін беру керек.

2.7. Су құбырлары басқармасы келісім-шартты негізінде ауыл поселкесінің "Пайдаланушысымен" жасайды. Осы аймақта орналасқан басқа ведомстволардың мекемелері негізгі "Пайдаланушымен" келісу арқылы ауыз сумен қамтамасыз е т і л е д і .

2.8. Негізгі ауыз су тұтынушылардың су құбырлары жүйесінің қосылған нүктелерінде су есептегіш құралдардың орнатылуы тиіс.

## **III. "Пайдаланушының" поселке ішіндегі су жеткізу жүйелерін топтастырылған су құбырларына қосу**

3.1. "Пайдаланушылардың" поселке ішіндегі су жеткізу жүйелерінің үлкен қысымдағы басты топтастырылған су құбырларына қосу бекітілген және жобада көрсетілген тәртіп бойынша жүргізіледі. Басқа жағдайлардың бәрінде топтастырылған су құбырларына қосуға рұқсатты және және оның техникалық шартын тәулігіне - 50 м<sup>3</sup>. шығынға дейін су құбырлары басқармасымен облыстық ресурстар комитеті, ал 50 м<sup>3</sup> жоғары болғанда Республиканың Су ресурстары комитетінің рұқсатымен беріледі.

3.2. Поселке ішіндегі су жеткізетін құрылысын жаңадан жобалағанда немесе ескі құрылыстарды жаңартқанда оларды топтастырылған су құбырларына қосу белгіленген тәртіп бойынша жазылады.

3.3. Басты су құбырларына қосылатын поселке ішіндегі су жеткізетін жүйелердің құрылысы, тек құрылыс жобасына Су құбырлары басқармасының келісімін алғаннан кейін ғана басталуы мүмкін.

3.4. Өзге "Пайдаланушылардың" поселке ішіндегі су жеткізу жүйелерін негізгі "Пайдаланушылардың" су құбырларына қосуға негізгі пайдаланушыда бос не артық су көлемі болғанда ғана рұқсат беріледі.

3.5. Поселке ішіндегі су жеткізу жүйелерін, сутаратқыш тіктұрақтарын, мал суаттарын басты су құбырларына өздігінше қосуға қатаң тыйым салынады.

3.6. Барлық жаңадан қосылған поселке ішіндегі су жеткізу жүйелері пайдалану алдында мұқият жуылуы және хлорлануы керек.

3.7. Жаңадан қосылған су жеткізу жүйелерін іске қосуға рұқсатты санитарлық-эпидемиологиялық қызмет орындары береді. Ол үшін судың сапасы тексеруден өткізіледі және судың сапасы ГОСТ 2874-82 "Ауыз су" талаптарының көрсеткіштеріне сәйкес болғанда ғана ішуге рұқсат беріледі.

3.8. Топтастырылған су құбырларына жеке мекемелердің, өндіріс орындарының, тұрғын және жеке меншік үйлердің тікелей қосылуына рұқсат етілмейді.

#### **IV. Поселке ішіндегі су жеткізу жүйелерінің жұмысын қамтамасыз ету**

4.1. Поселке ішіндегі су жеткізу жүйелерінің және ондағы құрылымдардың жұмыс істеуін осы құрылыстарға ие болған мекемелер жүргізеді.

4.2. Таза су резервуарларының қақпақтары және қысыммен су жеткізетін мұнаралардың есіктері құлыппен жабылған болуы керек. Сонымен қатар резервуарлардың қақпақтары және бактар тығыз жабылып, оларға таңба (пломба) салынуы керек. Құлыптардың кілттері су құбырлары жүйелерінің қысыммен су ағысын реттегіш құрылымдарын бақылайтын және олардың санитарлық жағдайына жауап беретін адамда болуы тиіс.

4.3. Сутаратқыш нүктелерде және поселке ішіндегі су жеткізетін жүйелерінің топтастырылған су құбырларына қосылған нүктелерінде мал суаруға,

ауылшаруашылық машинелерін, механизмдерін жууға тыйым салынады. Мал суару тек оған белгіленген арнайы суаттарда ғана жүргізілуі тиіс.

4.4. Су алатын орындарға апаратын берік төсеніштермен бекітілген жолдар салынады, қысқы күркелермен жылы үйшіктердің де айналасы бетонды төсеніштермен бекітіледі, сутаратқыш тіктұрақтарда, резервуарлармен қысыммен су жеткізу мұнараларында су асып құйылатын және суды алып кететін құбырлар салынады.

4.5. Су құбырының иесі, өз қарамағындағы су жүргізетін құрылымдармен ұсақ аспаптарды (резервуарлар мен қысыммен су жеткізу мұнараларын, құдықтарды, арнайы бөлмелерді су өлшейтін тораптарды, сутаратқыш тіктұрақтарды, өртке қарсы гидранттарды, су тоқтату аспаптарын тағы-тағыларды) қыс ішінде жұмыс істеуіне даярлауы керек, су өлшейтін тораптар орналасқан бөлмелерді және іштерінде сутаратқыш тіктұрақтар орналастырылған күркелер мен жылы үйшіктерді және қысыммен су жүргізетін мұнараларды қыс айларында бүкіл тәулік бойы жылы ұстауды қамтамасыз етуі керек.

## **V. Суесептегіштерді орналастыру және жіберілген су көлемін есепке алу**

5.1. Суесептегіштерді "Пайдаланушы" сатып алады, ал оларды керекті орындарында Су құбырларының басқармасы орнатады. Орнату шығындары, арнайы есептеу негізінде, "пайдаланушы" есебінен төленеді.

5.2. Егер суесептегішті орнататын орындар, поселке ішіндегі су жеткізу жүйелерінің жобасында көрсетілмеген болса, онда олар Су құбырлары басқармасымен келісе отырып шешіледі.

5.3. Суесептегіштің орнатылған жері кең және оған еркін жетуге болғаны дұрыс. Сонда ондағы су көрсеткіштерін қиналмай жазып алуға, суесептегішті жөндеуге немесе бүтіндей ауыстыруға мүмкіндік туады.

5.4. Суесептегіштер құдықтар мен арнайы бөлмелерде орналастырылған кезде, олар су астында қалмайтындай шаралар белгіленеді.

5.5. Орнатылатын суесептегіштерін таңдап аларда олардың бір сағатқа және бір тәулікке есептелген ең жоғарғы су ағысын өткізетіндей қабілеті болуы керек.

5.6. Суесептегіштер орнатылар алдында және арнайы жөндеуден өткеннен кейін екі жылда бір рет ведомстволық немесе стандарттар мен өлшемдер ұйымдарының лабораторияларында тексеруден өткізілуі керек. Бұл лабораториялардың арнайы рұқсаты болуы керек. Тексеруден өтпеген суесептегіштерді орнатуға тыйым салынады.

5.7. "Пайдаланушы" өз суесептегішінің және оның пломбасының сақталуына, оның барлық қосылымдарының бүлінбеуіне жауап береді. Егер суесептегіш бұзылса не орнынан алынып кетсе "пайдаланушы" ол туралы Су құбырларының басқармасына хабарлауы керек.

5.8. Егер "Пайдаланушы" ауыз суды "негізгі пайдаланушының" су жеткізу жүйелерінен алатын болса, онда суесептегіштерді негізгі пайдаланушымен және Су құбырлары басқармасымен келісе отырып орнатады.

5.9. Егер пломба алынып тасталса немесе басқа бұзылымдар пайда болған жағдайда су құбырлары басқармасы мен "Пайдаланушының" өкілдері қосылып акті жасайды. Мұндай жағдайларда су өлшемі құбырдың толық қиындысы арқылы өтетін секундтіне 1,5 метр ағатын су жылдамдығымен өлшенеді. Мұндай өлшемдер уақытша пайдаланады. Өлшем ұзақтығы суесептегіш құралдан алынған соңғы көрсеткіштер мен құбырдан пломбаның алынғаны анықталған күнге дейінгі аралық болып саналады.

5.10 Суесептегіш құралдардың көрсеткіштері кемінде айына бір рет және сол айдың белгілі бір күндерінде жүргізіліп отырады. Көрсеткіштерді Су құбырлары басқармасы мен "Пайдаланушының" өкілдері бірге отырып жазып алады да, біріккен актімен растайды.

5.11. Суесептегіш құралдары жоқ "пайдаланушының" алған ауыз суының көлемі жылдық келісім-шартта көрсетілген әдістермен есептеледі.

5.12. Суесептегіш құралдары жоқ "Пайдаланушылар" үшін Су құбырлары басқармасы магистральды су құбырынан поселке ішіндегі су жеткізу жүйелеріне шығатын нүктеде келісім-шартта көрсетілген су көлемін өткізетін арнайы реттегіш құрылым-дроссельдік тығырық орнатып береді.

5.13. Егер су құбырлары басқармасы мен "Пайдаланушы" арасында келіспеушілік туып, пайдаланушы өзі алып отырған су көлеміне наразылық білдірсе екі жақ біріге отырып бір тәулік бойынша "Пайдаланушыға" шығатын барлық нүктелерде су ағысына тексеру жүргізіп, бұл жұмыстарға екеуара акті жасайды.

## **VI. Ауыз суды пайдаланғаны үшін есептесу**

6.1. Су құбырлары басқармасы мен "пайдаланушы" арасындағы келісім-шарт алынған ауыз су үшін есептесу негізі болып саналады.

6.2. Ауылшаруашылығына арналған топтастырылған су құбырларынан жіберілетін судың бағасы тиісті заңдарға сүйене отырып топтастырылған су құбырларына және поселке ішіндегі су жеткізу жүйелерінде қолданылатын тарифтарды ескерте отырып шығарылады.

6.3. Ауыз суды пайдаланғаны үшін су құбырлары басқармасы ай сайын "пайдаланушыға" оның ризалығынсыз (акцептісіз) есеп-шот (смет) жіберіп отырады.

6.4. Егер "Пайдаланушы" өз бетімен су өлшейтін тораптардың желісін бұзса немесе оны өзгертсе су өлшегіштердегі және ысырма тұтқалардағы пломбаларды алып тастаса немесе су ағысын реттейтін тесіктердің диаметрін үлкейткен болса, Су құбырлары басқармасы суды "Пайдаланушыға" жіберуді тоқтатуға құқылы.



Ол туралы "Пайдаланушыға" екі күн бұрын хабарланады және онымен осы е р е ж е л е р д і ң

5.9. тармағы бойынша қайта есеп жасай алады.

6.5. Егер "пайдаланушы" су құбырларынан ауыз су алуды тоқтататын болса, ол өз шешімін Су құбырлары басқармасына 10 күн алдын ала ескертуі тиіс және бұған дейінгі алған сулардың төлемін өтеуі керек.

## **VII. Ауыз суды ретті пайдалануға қойылатын талаптар**

7.1. Ауыл шаруашылығына арналған топтастырылған Су құбырларынан су ең алдымен елдің, сонан соң мал өсіру және ауыл шаруашылығы өндірістерінің қажеттігін өтеу үшін беріледі.

7.2. "Пайдаланушылар" ауыз суын су құбырларының жобасында көрсетілген мақсатта және келісім-шарттағы есеп бойынша пайдалануы керек.

Ауызсуына арналмаған сапалы суды жобада көрсетілмеген технологиялық мақсаттарға пайдалануға тыйым салынады.

7.3. Су құбырлары басқармасы ауызсудың өз мақсатында пайдалануын ұдайы бақылап отыруы қажет, су алатын нүктелердің айналасын жазда батпаққа, ал қыста мұзтебінге айналдыруға жол бергізбеуі керек.

7.4. Ауыл шаруашылығына арналған су құбырларынан су алатын заңды құқығы бар мекемелер мен азаматтар:

- суды пайдалану ережелерін, оның бекітілген мөлшерін, жоспарын су тұтыну тәртібін бұлжытпай орындауға;

- ауыз суды үнемді пайдаланып, оны босқа шығындауға жол бермеуге;

- өз қарамағындағы су құбырларының, құрылымдар мен бөлшектердің техникалық жағдайын айына кемінде екі рет тексеріп отыруға, кездескен бұзылымдарды уақытында жөндеп, ауыстырып отыруға міндетті.

Мекемелер мен азаматтар еріксіз тегін ағып жатқан су нүктелері және су құбырлары құрамдарында кезіккен бұзылымдар болса, олар жайлы Су құбырлары басқармасының кезекшісіне қолма-қол хабарлап отыруға міндетті.

## **VIII. Ауыз су көлемін азайту (не мүлде тоқтату) тәртіптері мен шарттары**

8.1. Күтпеген табиғаттық апат болған жағдайда, су құбырларында ұзақ уақытқа созылған бұзылымдар кезінде және де басқа ерекше жағдайларда Су құбырларының басқармалары облыстық әкімшілікпен келісе отырып, "Пайдаланушыларға" беретін ауыз су көлемін азайтуға немесе мүлде тоқтатуға қ ұ қ ы л ы .

8.2. Су құбырлары басқармасы кейбір "пайдаланушыларға" ауыз су беруді мына жағдайларда тоқтата алады:

- "пайдаланушы" ауыз суды алудан бас тартқан кезде;

- мекеме, ұйым немесе кәсіпорынның жойылған кезінде;
- ауыз су жеткізу жүйелерін топтастырылған су құбырларына өз еркімен қосқан кезде.

8.3. Кейбір "Пайдаланушыларға" су беруді Су құбырлары басқармасы мынадай жағдайларда тоқтатады:

- сутаратқыш нүктелер мен қысым және су реттегіш құрылымдар су қабылдауға даяр болмаған жағдайда;
- поселке ішіндегі су жеткізу жүйелерінің бұзылған немесе су жүйелерінен еріксіз су ағып кеткен кезде;
- сутаратқыш нүктелердің санитарлық жағдайы төмен болған кезде;
- су алу тәртібі орындалмаса, әсіресе ауыз су артық шығындалса;
- су ағысын есептейтін және реттейтін құралдар мен ысырма тұтқа және бұрандалардың пломбасы рұқсатсыз алынған кезде, су есептейтін аспапты әдейі тоқтатса немесе реттегіш тығырықтарды алып қойған кезде;
- Су құбырлары басқармасының өкілдерін су ағысын есептегіш және поселке ішіндегі су жеткізу жүйелеріне су ағысын реттейтін ысырма тұтқаларын тексеруге және пломба қоюға жібермеген кезде.

8.4. Су құбырлары құрылымдарында кенеттен апат (авария) болған кезде, су құбырлары басқармасы алдын ала хабарламастан ауыз су беруді тоқтатады, бірақта "Пайдаланушы" су тоқтатылу мерзімі жөнінде хабарланады.

8.5. Профилактикалық-жөндеу және алдын ала істелінетін жоспарлы жұмыстарды жүргізу үшін Су құбырлары басқармасы жергілікті әкімшілікпен келісе отыра су беруді тоқтатуы мүмкін, істелінетін жұмыстар жөнінде "Пайдаланушы" үш күн бұрын хабарлануы керек.

8.6. Су құбырлары басқармасы "Пайдаланушыны" хабарландырмастан, төмендегідей жағдайларда ауыз су беруді уақытша тоқтатуы мүмкін:

- өрт болған жерге су апару қажет болған кезде;
- тосаттан болған апат және басқа жағдайларда.

8.7. Осы "Ережемен" белгіленбеген су беру реті әрдайым бұзылып отырған жағдайда немесе судың сапасы төмендеген кезде "Пайдаланушы" су жеткізу қызметіне төлейтін ақысын доғарады.

## **IX. Су құбырлары басқармасы мен "Пайдаланушы" арасындағы қарым-қатынас**

9.1. Су құбырлары басқармасының өкілдері "Пайдаланушының" поселке ішіндегі барлық су құбырлары құрамдарын тексеруге құқылы.

9.2. "Пайдаланушы" топтастырылған су құбырлары мен поселке ішіндегі су құбырлары жүйелерінің бойына Су құбырлары басқармасының жөндеу техникасын, пайдаланумен-жөндеу жұмыстарын жүргізуші жұмысшыларды, авариялар мен бұзылымдарды жою үшін кедергісіз өткізуге міндетті.



9.3. "Пайдаланушы" өз құрамында (балансында) тұратын поселке ішіндегі су құбырлары жүйелерінің құрылымдарын қалыпты жағдайда сақтау үшін Су құбырлары басқармасының барлық талаптарын орындауы керек.

9.4. Су алу жөніндегі тартыстар екі жақтың бірінің арызы арқылы қажет болған жағдайда, қазылық (арбитраж) сотында қаралуы мүмкін.

#### **Х. Су құбырларын қорғау жөніндегі шаралар**

10.1. Топтастырылған су құбырлары мен поселке ішіндегі ауыл шаруашылығына арналған су жүйелерінің белгіленген ретімен үздіксіз жұмыс істеуіне және де судың сапасының жойылмау мақсатымен барлық "Пайдаланушылармен" қоғам мүшелерінің төмендегідей жұмыстар жүргізуіне т ы й ы м с а л ы н а д ы :

- судың реттелген мөлшерін ысырма тұтқалар арқылы өзгертуге;
- қысыммен су ағысын реттегіш құрылымдарын, су құбырларында және поселке ішіндегі су құбырлары жүйелерінде су құбырларымен аққан ауыз суды жергілікті жердің, сапасы төмен қайнар суымен араластыруға;
- су құбырларындағы кез келген су жүйелерінің қосылымдарын, сутаратқыш тіктұрақтарды, мал суаратын суаттарды өз еркімен алып тастауға;
- қысымды ауа шығаратын тіктұрақтар, су шығарғыш құрылымдар, су құбырларындағы құдықтар арқылы су алуға;
- су құбырларындағы құдықтардың қақпақтарын ашып, құдықтарға түсіп ысырма тұтқаларды ашып-жабуға.

10.2. Топтастырылған су құбырларының жүйелерімен жабдықтарының немесе басқа аспаптарының бұзылғанын байқаған кезде "Пайдаланушы" дереу Су құбырлары басқармасына міндетті түрде хабарлап және жөндеу бригадасы келгенше бұзылған орынды қоршап қоюы керек. Егер бұзылым "Пайдаланушының" іс қимылынан пайда болса жөндеу жұмыстары соның е с е б і н е н жү р г і з і л е д і .

10.3. "Пайдаланушылардың" су құбырларына өз еркімен жалғаған қосылымдары кесіп тасталынады.

10.4. Су құбырларының тазалықты-қорғау аралығында СНиП 2.04.02.84-ке байланысты, заңды құқысы бар адамдармен қоғам мүшелеріне кез келген жұмыстарды жүргізуіне тыйым салынады.

10.5. Осы Ережені бұзушыларды ұстап, күші бар заңдарға байланысты оларды жауапқа тарту үшін Су құбырлары басқармасының жұмысшыларымен "Пайдаланушылар" Ішкі істер бөлімдері арқылы шара қолданулары керек.

10.6. Су құбырларын қорғаудың ретін бұзушылар жергілікті жер әкімшілігінің шешіміне байланысты жауапкершілікке тартылады.

10.7. Су құбырларының құрылымдарын қасақана бұзуы Қазақстан Республикасы заңына байланысты әкімшілік, қоғамдық немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

№ 1 қ о с ы м ш а

Топтастырылған су құбырларынан  
суды пайдалану ережелеріне

\_\_\_\_\_ топтастырылған су құбырынан  
су беруге және пайдалануға Ш А Р Т  
" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 1996 ж. \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ елді мекен

\_\_\_\_\_ су құбырлары басқармасы, бұдан  
былай "жабдықтаушы" деп аталады, кәсіпорынның күші бар қағидасын  
пайдалану негізінде басқарма бастығы \_\_\_\_\_ бір жағынан,

\_\_\_\_\_ ( м е к е м е , ш а р у а ш ы л ы қ )

бұдан былай "Пайдаланушы" деп аталады \_\_\_\_\_ негізінде  
іс-қимыл жасаушы \_\_\_\_\_

екінші жақтан, мына төмендегілер жөнінде шарт жасасты:

1. "Жабдықтаушы" топтастырылған су құбырларының су бөлетін  
нүктелерінен тәулік ішінде тоқтаусыз және бірқалыпты ауыз су мен  
тұрмысқа қажетті суды поселкелерге мына мөлшерде \_\_\_\_\_ беріп  
тұрады, оның ішінде тәулігіне:

- а). \_\_\_\_\_ поселкесіне \_\_\_\_\_ текше метр
- в). \_\_\_\_\_ -" \_\_\_\_\_ -"
- г). \_\_\_\_\_ -" \_\_\_\_\_ -"
- д). \_\_\_\_\_ -" \_\_\_\_\_ -"

2. Алынған суды есептеу үшін "Пайдаланушы" ішкі су жүйелерінің  
басталатын нүктесінде су өлшегіш қоюға міндетті.

3. "Пайдаланушы" ай сайын нақты алынған судың көлеміне бекітілген тариф  
бойынша есеп-шотын төлеп тұруы керек.

Есеп шот (отчет) акцептсіз тәртіппен жүргізіледі.

"Жабдықтаушының" есеп-шоты белгіленген уақытта төленбесе "пайдаланушы  
" әр күнінен \_\_\_\_\_% өсім төлейді.

4. Тарифтың азайып не көбейіп өзгеруіне байланысты алынған судың  
көлеміне өтем есебі өзгертілген тарифтың бекітілген күнінен бастап есептеледі.

5. "Пайдаланушы" әр айдың бірінші он күнінде өткен айда пайдаланған су  
көлемінің 60%-нің өтемін төлеуге міндеттенеді.

6. "Жабдықтаушы" топтастырылған су құбырларына жоспарланған немесе  
профилактикалық жөндеу жұмыстарын жүргізерде "Пайдаланушыларға" 24 сағат

бұрын су тоқтатылатынын хабарлауға және де су тоқталу үзілісін 24 сағаттан асырмауға міндетті.

7. "Пайдаланушы" топтастырылған су құбырларында болған апат (авария) немесе басқа жағдайларға байланысты судың болмауын телефон не телеграфпен "Жабдықтаушыға" хабарлауға міндеттенеді. Бұған кеткен шығынды "Жабдықтаушы" байланыс мекемелерінің тарифына сәйкес төлейді.

8. "Жабдықтаушы" топтастырылған су құбырларында болған авария не істен шығуын сол бұзылу белгілі болған уақыттан бастап 24 сағат ішінде жөндеуге міндеттенеді.

9. "Жабдықтаушының" топтастырылған су құбырларымен ішкі су жеткізу жүйелерінің қызмет көрсету шекарасы ведомстволық су құбырларына немесе поселке ішіндегі қысымды реттегіш резервуарларына бөлінетін нүктеге орналастырылған ысырма тұтқа болып есептеледі.

10. "Пайдаланушы" топтастырылған су құбырларына ешқандай жаңа өзгеріс енгізбеуге жаңа қосылыстар жасамауға, қосымша су бөлетін тетіктер қоспауға, байқау құдықтарының жоғарғы құрылымдарын, бақылау-өлшегіш колонкалары мен құбырлардың электрленген қорғағыш құралдарын бұзбауға міндеттенеді.

11. "Пайдаланушы" су бөлетін аймақты тиісті санитарлық жағдайларға сәйкес ұстауға міндеттенеді, су бөлетін құрылымдарын жылы ұстауды, оны қарайтын кезекші адамның болуын қамтамасыз етеді.

Осы міндеттеме орындалмаса су бөлетін нүктелерге беретін суды Су құбырлары басқармасы тоқтатады.

12. Судың бостан-босқа шығын болып жатқаны, қосымша құрылыммен су бөлетін тетіктер орнатылғаны анықталса "Пайдаланушы" судың тәулігіне 2 текше метр көлемі есебінен және су құбырының нақты диаметріне сәйкес, сол судың ең кейінгі тексеруімен судың бос шығып жатқаны анықталған күн аралықтағы көлеміне төлейді.

13. Тасымалдайтын судың сапасын сақтау үшін "Пайдаланушы" жылына бір рет қысым-реттегіш резервуарлар мен ішкі су жүйелерін жуып-шаюды жүргізуге және хлорлауға міндеттенеді.

14. Екі жағы бірдей міндетті түрде өздерінің қарым-қатынастарын Қазақстан Республикасының Су ресурстары комитеті мен Ауылшаруашылығы министрлігі бекіткен топтастырылған су құбырларынан ауыз суды пайдалану ережесіне сәйкес жүргізеді.

15. Осы шарт бойынша барлық даулы мәселелер белгіленген заң тұрғысында шешіледі.

16. Осы шарт екі жақ бірдей қол қойған күннен бастап күшіне енеді және мерзімі бір жыл болып есептеледі.

Осы шартты оның мерзімі аяқталуына бір ай қалғанға дейін бір жағы қайта

қарау немесе келіспейтін өтініш білдірмесе, шарт келесі жылға ұзартылған болып есептеледі.

Тараптардың заңды мекен-жайлары мен деректемелері

" П а й д а л а н у ш ы " :

Мекен жайы \_\_\_\_\_

Есеп-шоты \_\_\_\_\_

" Ж а б д ы қ т а у ш ы " :

Мекен жайы \_\_\_\_\_

Есеп-шоты \_\_\_\_\_

"Пайдаланушы"

Қ о л д а р ы

"Жабдықтаушы"

\_\_\_\_\_  
М.О.

\_\_\_\_\_  
М.О.